

«УТВЕРЖДЕН»
приказом директора
от «11» июня 2023 года №131



**Ақмола облысы Денсаулық сақтау басқармасы жаңындағы
«Көпбейінді облыстық аурухана» шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты**

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт, Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және қоғамдық қатынастардың оқшауланған салаларындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды өзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес өзірленді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Ақмола облысының Денсаулық сақтау басқармасы жаңындағы «Көпбейінді облыстық аурухана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – кәсіпорын) қызметкерлерінің белгіленген ережелерді мүлтіксіз сақтауга және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған іс-әрекеттері мен шешімдерін айқындауды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуге, құқықтық сауаттылықты және сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті арттыруға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы орнықты тәртібін қалыптастыру;

сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың жағымсыз салдарын болдырmaу;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдану және орындау;

кәсіпорын қызметінде жеке және заңды тұлғалардың функцияларын жүзеге асыру және құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде қолданылады;

кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты тиісінше орындағаны үшін кәсіпорын қызметкерлері дербес жауапты болады.

2 тарау. Ұйымның қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының тәртіп ережелері

2. Қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар өз қызметінде міндетті:

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, сыбайлас жемқорлық әрекеттерін ашуға белсенді қатысуға және Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының сақталуына дербес жауапты болуға;

адал, әділ, қарапайым болу, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынаста жалпы қабылданған адамгершілік-әдеп нормаларды сақтау, сыпайылық пен әдептілік таныту;

жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету;

өз әрекеттерімен және тәртібімен қоғам тарапынан сынға себеп бермеуге, сын үшін кудалауға жол бермеуге, кемшіліктерді жою және өз қызметін жақсарту үшін сын пайдалануға;

әріптестерден жогары құқықтық және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды қолдау және талап ету;

заңнамаға сәйкес келмейтін және кәсіпорынның мүдделеріне қайшы, біреуге кіріс алуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруға жәрдемдесуге бағытталған іс-әрекеттер жасаудан бас тарту;

жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын қынданататын әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеу;

басқа адамдарды сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндірмеу;

заңды және жеке тұлғалардың ақшалай қаражатын, қызметтерін, сыйлықтарын, тауарларын қоса алғанда, өз функциялары мен лауазымдық міндеттерін орындағаны үшін сыйақы қабылдамау;

мұліктік және мұліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу мақсатында таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбау;

Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңында көзделген жеке және заңды тұлғаларға ақпаратты беруден бас тартпау;

шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;

лауазымдық жағдайды теріс пайдалануға, негізсіз бюрократия көріністеріне, сондай-ақ дөрекілік пен теріс түсінік көріністеріне жол бермеу;

кәсіпорынның құзыретіне кіретін мәселелермен жүгінген адамдардың арнамысы мен қадір-қасиетін құрметтеу;

жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде ұйымдардың, кәсіпорын қызметкерлерінің және өзге де тұлғалардың қызметіне ықпал ету үшін лауазымдық жағдайды пайдаланбау және т. б.;

заңдылық қағидатын басшылыққа алу, КР Конституциясының, Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтау.

3. Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

өз лауазымдық өкілеттіктеріне сәйкес функцияларды жүзеге асыру;

сыйбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттерде және сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенделік таныту;

сыйбайлас жемқорлықтың белгілі болған фактілері туралы, сондай-ақ материалдарды жеделдетіп қарағаны немесе көпке созушылығы үшін қандай да бір пайда алуға итермелу туралы басшылыққа деру баяндау;

әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды адамдарға сыйлықтар бермеуге және мұліктік пайда, игілік не артықшылық алу үшін қызметтік емес қызметтер көрсетпеуге;

тікелей басшыға мұдделер қайшылығының туындауы, қызметтік міндеттерін атқару кезінде жеке мұдделілік, сыйбайлас жемқорлық тәртібіне көндіру және сыйлықтар алу туралы баяндау;

жеке және занды тұлғаларға артықшылық бермеу, лауазымдық міндеттерін орындау кезінде олардың ықпалынан тәуелсіз болу;

тікелей басшыға орындау үшін алынған тапсырманың зандылығына күмәнданғаны туралы деру жазбаша түрінде хабарлау;

жасалған немесе жасалатын сыйбайлас жемқорлық әрекеті туралы басшылыққа деру баяндау;

бағынысты қызметкерлердің міндеттері мен өкілеттіктерінің көлемін нақты анықтау;

мұдделер қайшылығына жол бермеу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды жою жөнінде шаралар қабылдау;

егер тікелей басшының өзі мұдделер қайшылығына қатысса, жоғары тұрған басшылыққа жүгініңіз;

бағыныстағы қызметкерлер арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеу;

олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік таныту;

қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде бағыныштылардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайды пайдаланбау;

4. Ұйымның ішкі нормативтік құжаттарының жобаларын дайындау кезінде:

ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу кезінде азаматтардың занда белгіленген құқықтары мен бостандықтарын мұлтіксіз ескеру қажет;

әзірленіп жатқан ішкі нормативтік құжаттардың жобалары нормативтік құқықтық актілерге қайшы келмеуге тиіс;

ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын дайындау барысында кәсіпорынның және өзге де занды тұлғалардың занды мұдделерін бұзуға жол бермеу;

ішкі нормативтік құжаттардың жобалары кәсіпорынның құзыретінен тыс болмауы керек;

басқа құрылымдық бөлімшелердің мүдделерін қозғайтын ішкі нормативтік құжаттардың әзірленген жобалары тиісті құрылымдық бөлімшелермен талқылау және келісу рәсімінен өтуі тиіс;

ішкі нормативтік құжаттарда сыйайлар жемқорлық факторлары немесе олардың белгілері бар нормаларды пайдаланбау;

ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу кезінде жекелеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың мүдделері үшін нормалардың қабылдануына жол бермеуге.

5. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты сатып алуды жүзеге асыру кезінде лауазымды тұлғаларға:

сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жүмсау;

Занда көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті жеткізушілерге сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;

сатып алу процесінің ашықтығын қамтамасыз ету;

сыйайлар жемқорлық көріністеріне жол бермеу;

атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеу.

6. Ұйым қызметі саласында туындаитын өзге де қарым-қатынастар кезінде:

сұрау салуларды қабылдаудан негізсіз бас тартуға, оларды қарау кезінде көпке созушылыққа және дәйектік мәліметтер беру фактілеріне жол бермеуге;

жеке мүліктік және мүліктік емес пайда алу үшін өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерді пайдаланбау;

дөрекілік, адамның қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік, әдепсіз тәртіп фактілеріне жол бермеу;

кадрларды туыстық, жерлестік және жеке адалдық белгілері бойынша іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеу, меритократия қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

нақты орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеу;

кәсіпорын қызметкерлерімен не тәуелді тұлғалармен ақшалай немесе өзге де мүліктік сипаттағы құмар ойындарға қатыспау;

іскерлік этика кодексін сақтау;

кәсіпорын басшылығына және (немесе) Құқық қорғау органдарына өздеріне белгілі болған сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы деру хабарлау;

Қазақстан Республикасының Заңында тәртіптік, әкімшілік не қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу және т. б.;

қызметтік немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін кәсіпорын қызметкерлерін тартуға жол бермеу;

азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде олардың өтініштерін қарau және олар бойынша қажетті шаралар қабылдау;

кәсіпорын басшыларының тапсырмаларын, лауазымды адамдарының лауазымдық өкілеттіктері шегінде шығарылған бұйрықтары мен өкімдерін орындау;

кәсіпорын қызметкерлерінің жеке өміріне, ар-намысы мен қадір-қасиетіне әсер ететін мәліметтерді жария етпеу.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді сақтау.

Кәсіпорын қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың сақталуын бақылау тиісті құрылымдық бөлімшелердің басшыларына және кәсіпорынның комплаенс-офицеріне жүктеледі.